

**ЖШС «Silkway мектеп-лицейі»
2022-2023 оқу жылы
I тоқсан бойынша
ЕСЕП**

Қыркүйек

- 2022 жылдың 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Сыңғырлағ сыңғырла, алғашқы қоңырау» атты салтанатты шара өткізілді. Салтанатты шараға лицей ата-аналары мен оқушылары қатысты. «Алғашқы қоңырау» мерекесі жаңа оқу жылының «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған» тақырыбындағы сабағымен жалғасты.
- 2022-2023 оқу жылында оқушылар мен ата-аналардың ұсыныс-тілектері негізінде мектебімізде үйірмелер ұйысдастырылды. Үйірмелердің мақсаты – сабақтан кейінгі бос уақытты оқушы игілігіне жарату. Үйірме жұмысы барысында алғашқы сабақтарда өрт-қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі, негізгі бөлімінде әр үйірме өз бағытына сай өз жоспарлары бойынша жұмыс атқарады. Үйірмелер және «Экоклуб» сынды жеке клубтар жұмыстарын бастады. Сонымен қатар, аналар үшін домбыра мен воллейбол, әкелер үшін футбол клубы құрылды.
- 30 қыркүйек лицейімізді Мұғалімдер күні атап өтілді. Дәрістерді 11 сынып оқушылары өздерін ұстаз ретінде бақтарын сынап беріп көрді. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама қойылып, тақырып аясында дайындалған іс-шара өткізілді. “Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” — деген Бауыржан Момышұлы. «Ұстазым» хоры айтылды. Ұстаздарға алғыс білдірілді.


Қазан

- Құндылыққа бағытталған білім беретін мектеп ретінде қазан айы – Құрмет айы болып белгіленді. «Үлкенге құрмет – жастарға міндет», «Адамгершілік қасиеттерді бағалау және сыйластық қарым-қатынаста болу», т.б. сынып сағаттары өткізілді. Аталған құндылық айына сай, мектеп мұғалімдері мен оқушылары өздерінің «Құрмет» пост-жазбаларымен бөлісті. Пост-жазбалар іріктеліп, терең мағыналы екі жазба иелері деп 10-сынып оқушылары Ғазиза Жолдыбаева мен Аина Амангелді танылды.
- 3 қазан басталған “Білім-Инновация” лицейлері арасында «Әке жолы – ізгі жол» Республикалық әкелер апталығы ұйымдастырылды.
- 11 қазан күні лицейімізде жылда өткізілетін «Президенттік сайлау» өтті. Бұл сайлауға үміткер: Байжанова Дана, Мұрат Нұрайлым және Маженова Нұрай болды. Оқушылар өз беттерінше түрлі идеялар жазып, лицейдегі түрлі іс-шараларға арналған жоба жасап дайындады. Сайлауға лицей директоры, ұстаздары, оқушылар қатысып, өз дауыстарын берді. Сайлау қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған 10-сынып оқушысы Дана Байжанова лицейіміздің президенті атанды. Дананың президенттік сайлау бойынша дайындаған жобасы: Шығармашылық және мәдени бағыттар.

Лицейіміздегі түрлі шараларға белсене араласып, оқушыларымыздың жан-жақты болуы үшін көптеген сайыстарды ұйымдастыруға тырысу. Лицей ұстаздары парламент мүшелерін сайлады. Парламент мүшелері 10 сынып оқушылары арасынан, сайланып 6 оқушы тандалды. Вице-президент және спорт министрі Мұрат Аян, Білім министрі Мұрай Нұрайлым, Тәрбие министрі Ахметова Альфия, Ақпарат министрі Байжанова Аянат, Мәдениет министрі Маженова Нұрай тағайындалды. Лицей президентінің ант беру салтанаты өткізілді. Жиынға лицей директоры мен ұстаздар, үйірме ұстаздары, лицей оқушылары қатысты. Салтанатты жиында мектеп директоры сөз сөйлеп, жаңа мектеп парламеттеріне сәттілік тіледі.

- Қазанның 9-ы күні Silkway мектеп-лицей әкімшілігінің ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар ата-аналары арасында үстел теннисі, волейбол, шахмат спорттық ойындарынан «Достық» спартакиадасы өтті. Спартакиада сағ.9-да басталып, 19-да аяқталды. Ата-аналар барлық спорт түріне белсене атсалысты. Әр сыныптан волейбол құрамасы дайындалып, өз баптарын сынады. Аталған шарада волейбол жарысы бойынша 5«Б» сыныбы жүлделі 1-орынды, 6 «Б» сыныбы 2-орынды, 10 «А» сыныбы 3-орынды иеленді.
- Қазан айының 22-23-і Ақтөбе қаласында «Білім инновация» ХҚҚ мен «Білім Орда» ХҚҚ ұйымдарына қарасты 7-8 және 9-11 сынып оқушылары арасында аймақтық шағын футбол жарысы өтті. Футзал турнирі кезінде аса қырағылық танытқан оқушыларымыз 2-орын иеленді.
- Қазан айының 23-і Нұр-Сұлтан қаласында «Білім инновация» ХҚҚ мен «Білім Орда» ХҚҚ ұйымдарына қарасты мектептердің аналары арасында волейбол жарысы өтті. Silkway мектеп-лицейі аналары аталған Республикалық жарыста 2-орын иеленді.

Директордың тәрбие жөніндегі
орынбасары Гусейнов А.



ЖШС «Silkway мектеп-лицейі»
2022-2023 оқу жылы
II тоқсан бойынша
ЕСЕП

Қараша

- ✓ Құндылықтарға сай білім беру бағдарламасы бойынша «Кемелдену» айы кітап оқу челленджі ұйымдастырылды. Қызметкерлерге «Ұшқан ұя», мұғалімдер мен 7-11 сынып оқушыларына «Абай жолы» роман-эпопеясының 1-томы, 5-6 сынып оқушыларына да «Менің атым Қожа» шығармасы берілді. Жарыс нәтижелері бойынша: 5-6 сыныптардан Орақбай Алихан, Саурбаев Динмухамед, Малик Самина, Жәнібекқызы Марьям, 7-11 сыныптардан Марат Іңкәр, Амангелді Айна, Байжанова Дана, қызметкерлерден Малибеков Нұржігіт, Есім Айтолқын жүлделі орндарға ие болды.
- ✓ Лицей психологтары мен арнайы қонақ психотерапевт Ая Нұрдаулетқызы ата-аналарға арнап «Мен және менің балам» атты семинар-тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-аналар өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.
- ✓ Мектеп-лицей ата-аналары өз балаларының оқудағы тәртібі мен білімін, жалпы сабақтың өту жүйесімен танысу үшін қараша айының 17,18-ші күндері «Ашық есік» күні өткізілді.
- ✓ Қараша айының 19-20-ы Ақтөбе қаласында «Білім инновация» ХҚҚ мен «Білім Орда» ХҚҚ ұйымдарына қарасты білім ошқатарының әкелеріне футбол жарысы өтті. Аталған жарыста оқушыларымыздың әкелері күштерін сынады. Ойын соңында барлық сайын түрінен жеңімпаздар анықталып, арнайы дипломдармен марапатталып, сыйлықтар берілді.
- ✓ Мектебіміздің психологтар командасы 21-24-і аралығында «Эмоция әлемі» атты психология апталығын өткізді. Бағдарламаға сай апталықта yellow and green day, Q talks және түрлі қызықты ойындар, семинар өткізілді.
- ✓ 23-ші қараша NOVA education бітіруші түлектер мен ата-аналарына «АҚШ пен Англияда оқудың айырмашылығы» атты семинар-тренинг өтті. Ата-аналар сұрақтарына жауап алып, ой бөлісті.
- ✓ Spelling bee, S-talks, Talent show және т.б. қызықты айдарларымен ағылшын тілі апталығы айды қорытындылады.
- ✓ 1-12-ші сынып оқушылары математика мен сыни тұрғыда ойлауға бағытталған Online International Math Challenge қатысып, 14 алтын, 9 күміс және 3 қола – жалпы 26 жүлделі орынға ие болды.

Желтоқсан

- ✓ Желтоқсан айы «Отансүйгіштік» құндылық айы аталып өтті. 9-10 сынып оқушылары мен мұғалімдері карттар үйіне барды. Алдымен мектепте қайырымдылық жәрмеңкесі өткізіліп, оқушыларымыздың аналарымен шағын сыйлықтар жиналып, қораптар дайындалды. Еліміздің асыл қазыналары оқушыларымызға ақылдарын айтып, жылы тілектерін жаудырды.
- ✓ «Atyrau Chess Open 2022» облыстық классикалық шахмат жарысынан 5-ші сынып оқушысы Саурбаев Динмухамед 12 жасқа дейінгі ер балалар арасынан 1-ші орынды иеленді.
- ✓ Қол күрес, асық, квест, викторина, т.б. тың ақпараттарға толы ойындарымен 12-15-і арасында «Тарихы терең Батысым» атты апталық өтті.
- ✓ 5-6 сыныптар арасында Алтын сақа (математика-логика) олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып, 5-сынып оқушысы Саурбаев Динмухамед, 6-сынып оқушысы Аманқос Айбар 2-ші

орынды, 5-сынып оқушысы Тілеккабыл Нұрқасым 3-ші орынды иеленді. Сонымен қатар, Саурбаев Динмухмед облыстық кезеңнен 1-ші орын алып, Республикалық кезеңге жолдама алды.

- ✓ Лицейіміздің 7 «Б» сынып оқушысы Мұрат Ариза «Принцесса пьедестала» ашық турнирінде 2010 жылғы жастар арасында көркем гимнастикадан жүлделі 1-ші орынды иемденді.

Куралбаева Ғалия

**ЖШС «Silkway мектеп-лицейі»
2022-2023 оқу жылы
ІІІ тоқсан бойынша
ЕСЕП**

Қаңтар

- Қаңтар айы «Табандылық» құндылық айы атап өтілді.
- Республикалық «Көңілді тапқырлар лигасының» тұңғыш рет қыз балалар арасында өткен «Қызғалдақтар кубогында» оқушыларымыз «West Flowers» жүлделі 3-орынды иеленді.
- 28-ші қаңтар күні Орал қаласында First Lego League Challenge Super Powered жарысы өтті. Жарыс мақсаты оқушыларға энергияның қалай өндірілетіні, сақталатыны, таратылатыны және тұтынылатыны туралы балаларға үйрету. 4 бағыт бойынша жүргізілген жарыста (Негізгі құндылықтар, Робот дизайны, Инновациялық жоба, Робот ойыны) мектеп-лицейіміздің атынан “SilkWay Mindstorms” тобы болып, 5 “Б” және 6 “А” сынып оқушылары бақтарын сынады. Негізгі құндылықтар номинациясы бойынша 2-орынды иеленіп, батыс бойынша 24 топтан 10 үздік топтардың қатарына кіріп, Астана қаласына ұлттық кезеңге жолдама алды.

Ақпан

- Ақпан айы «Кемелдену» құндылық айы аталып өтті.
- Ақпан айының 06–10 күндері аралығында математика және информатика апталығы өтті. Апталықта sudoku ойыны, mastermind, counter strike, typeracer және тағы басқа қызықты ойындары ойнатылды.
- 18-ақпан «Баланың бас ұстазы – ата-ана» атты психологиялық семинар өтті. Семинар спикерлері ретінде: Тлеубаев Ришат Тахирович “Воспитание современной молодёжи”, Хасанова Жадыра Кайратовна “Тұлғаның қалыптасу кезеңдері (жасөспірімнің типтері)”, SilkWay психологтары Рапихова Наргиз, Саяқызы Жанерке, Муратов Абди “Саналы ата-ана болу - жауапты іс” шақырылды.
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіндегі жүлдегерлері мен 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндер олимпиадасының қалалық кезеңіндегі жүлдегерлері белгілі болды. 7-8 сынып оқушылары: 1 орын: Бектұрған Сурия - Ағылшын тілі, Мұрат Аян - Құқық

негіздері, 2 орын: Ахметкерей Бекарыс – Информатика, Ламаев Омар Фарух - Орыс сыныптарындағы Қазақ тілі, Айтқали Әсемай - Ағылшын тілі, Амангелді Аймира – Химия, Морено Родригес Алисия – Химия, Саркитов Алан Жанибекович – Биология, Жолдыбаева Ғазиза Рустемовна - Ағылшын тілі, Маженова Нурай - Қазақстан тарихы, 3 орын: Жалпанова Айжана Исламовна - География, Мұрат Нұрайлым – География, Тор Зейнеп - Ағылшын тілі.

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысып, Бектұрған Сурия - Ағылшын тілі бойынша 1 орын, Морено Родригес Алисия – Химия пәнінен жүлделі 2-орын иеленді.
- Ақпан айының соңы халықаралық Owlupia жарысы өтті. Оқушыларымыз көптеген жүлделі орындарды иеленді.

Наурыз

- «Ұлттық құндылықтар» айы атап өтілді.
- Наурыз айы Халықаралық әйелдер күнін тойлаумен басталды.
- Central Asia FIRST CHAMPIONSHIP – 2023. First Lego League Challenge олимпиадасы бойынша Атырау қаласы Silkway мектебінен 5 сыныптар арасынан құрылған “Silkway Mindstorms” тобы Халықаралық кезеңге қатысып, “Өсіп келе жатырған жұлдыз” марапатына ие болды, бұл марапат төрешілер болашақта үлкен жетістіктерге қол жеткізеді деп сенетін командаға беріледі. Топ қатысушылары: Мақсұт Ихсан, Әділхан Темірлан, Жетпісбай Али, Мақсот Қайсар, Садық Шәкәрім – Әли, Амантай Алинұр.
- 27-31 наурыз аралығында жаратылыстану бағытындағы пәндер апталығы өтті. Апталықта қызықты квест, Brain Rain, DIY, жәрмеңке, art competition өтті.
- Астана қаласында өткен The World Scholar’s Cup жарысында SilkWay мектеп-лицейінің оқушылары 28 медальді қанжығаларына байлап келді. Жеке пікірсайыс бойынша 7-ші орын: Әсемай Айтқали. Жазу бойынша 6-шы орын: Серік Абдурахим. Командалық жазудан 7-ші және командалық пікірсайыста 6-шы орын алған команда: Марат Іңкәр , Әсемай Айтқали және Серік Абдурахим командасы . Алтын және күміс медаль алғандар: Гайнеш Адема, Әділхан Даяна, Шавалиев Амирхан.

Директордың тәрбие жөніндегі
орынбасары Куралбаева Ғ.

ЖШС «Silkway мектеп-лицейі»
2022-2023 оқу жылы
IV тоқсан бойынша
Тәрбие жұмысының ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылында IV тоқсан 27 наурыз күні басталды. IV тоқсанды жоғарғы сыныптар 195 оқушымен бастады.

Сәуір айында «Тазалық» құндылық айы атап өтілді. 7 сәуірде Акт залда Қанен Ә. құндылықты түсіндіру мақсатында мектеп ұжымына кішігірім семинар өткізді. Аталған құндылыққа сай, «Кунг-фу Панда 3» мультфильмі көрсетіліп, ішіндегі құндылық призмасына тоқталды. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп, мектепшілік Наурыз мерекесі сәуір айының алғашқы жексенбісінде өткізілді. Сыныптар киіз үй тігіп, қазақтың ұлттық тағамдары таратылды. Ата-аналар мен оқушылар қойылымдар қойып, ұлттық ойындарымыз ойнатылды. 28 сәуірде 7-11 сыныптар «Тазалық» айына байланысты мектеп ауласын тазартты. «Әкелер одағы» РҚБ және «Білім-Инновация» ХҚҚ ұйымдастыруымен М.С.Нәрікбеков атындағы КАЗГЮУ Университетінде, еліміздің түкпір-түкпірінен әр аймақтық кезеңнен жеңіске жеткен, ата-аналардан тұратын 10 команда арасында «Brain Rain» жарысы өтті. Зияткерлік ойынның 6 кезеңі бойынша 25 сұраққа жауап беріп, бақ сынады. Тартысты ойын нәтижесінде 1-орын Silkway мектеп-лицей ата-аналары командасына табысталды. Жеңіспаз командаларға «Мазмұндама» баспа үйіне сертификаттар табысталды.

Мамыр айы «Батылдық» құндылық айы аталып өтті. 4 мамырда Акт залда Қанен Ә. құндылықты түсіндіру мақсатында мектеп ұжымына кішігірім семинар өткізіп, Куралбаева Ғ. тренинг жасады. Достық пен татулық мекені болған еліміз Қазақстан Республикасының бірлігі күні атап өтілді. 9 мамыр – Ұлы жеңіс күні. Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс аяқталған ақжолтай күнді оқушыларға сезіндіру мақсатында сынып сағаттар өткізілді. Сынып сағатында Қлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы жеңіс туралы мағұлматтар берілді. 10-13.05 оқушыларға фобия плакаты жасатылды. 16 мамыр күні комитет аналарға «Мен үшін ең батыл» атты арт терапия жасалды. 7 сыныптар арасында өткен Атырау Білім Олимпиадасынан химия пәні бойынша 7 «Б» сынып оқушысы Мұрат Ариза жүлделі 1-ші орынды иеленді. Мамыр айының екінші аптасы ата-аналар үшін ашық есік күні болды. Бұл іс-шара оқушының мектептегі тәртібін, басқа оқушылармен қарым-қатынасын бақылауда өз септігін тигізді. 24-мамыр 7-11 сыныптар арасында «Парламент аптасы» өткізілді. Мұғалімдер үшін квест, оқушылар үшін тик-ток күні, холи парти сынды іс-шаралармен есте қалды.

1 маусым мектеп алдында «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өткізілді. Жиынға түгел оқушылар, лицей ұжымы, ата-аналар мен қонақтар қатысты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *Ф. Қуралбаева* Куралбаева Ғ.